

Бестамақ «Болашақ» балабақшасы

«Шынықсаң шымыр боларсың»

эстафета сайысы



Медбике: Аширова Л.М

Тәрбиеші: Габдуллина Ж.Е

Тәрбиеші : Таужанова А.Т

Ақпан-2023ж

«Шынықсаң шымыр боларсың» отбасылық сайысы.

Мақсаты: Балалар мен ата-аналарға спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауаттану – адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығайуы, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Дөптар, кеглилер, шығыршық, күрсаулар, жаңғақтар, қаптар.

Жүргізуші: Шынықсаң шымыр боларсың,

Сауығып айдай толарсың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боларсың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға

Болмасаң да ұқсап бақ,

Жарысқа түсіп калайда.

Құрметті әріптестер, ата-аналар және балалар бүгінгі «Қыс қылығы» отбасылық сайысымызға хош келдіңіздер! Көңілді жарысымызға «Балдәурен» тобының ата-аналары мен балалары қатысады.

Әр таңды бақытпенен атырамыз.

Өнерді ой көгінде бақылаңыз,

Жарысқа қатысушыларды қошеметпен шақырамыз

Жүргізуші: «Солнышқо» тобынан - Гадяцкая Татьяна анасымен шақырамыз.

«Солнышқо» тобынан - Төлеген Жігер анасымен шақырамыз.

«Балдырған» тобынан - Ерниязаров Алимхан анасымен шақырамыз.

«Балдырған» тобынан - Шапай Нурмухамед анасымен шақырамыз.

«Балбөбек» тобынан - Арон Кәусар анасымен шақырамыз.

«Балбөбек» тобынан - Фазылбекұлы Дінмұхаммед анасымен шақырамыз.

«Балбөбек» тобынан - Нүрәлі Жания анасымен шақырамыз

Жүргізуші: Сайысқа қатысушыларды ортаға шақырып алдық, енді бүгінгі сайысқа әділ бағасын беретін әділ-қазылар алқасымен таныс болайық.

Ал, құрметті халайық!

Жарысты енді көріңдер.

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер.

1. Әдіске: Уразалина Г.Б

2. Тәрбиеші: Косанова Г.С

Құрметті сайысқа қатысушылар және көрермендер. Енді сайыс кезеңдерімен таныс болыңыздар! Сайысымыз 7 кезеңнен тұрады.

1. «Таныстыру» әр ата-ана баласымен өзін таныстырады.

2: « Жолда кім жылдам жүреді»

3 : Кедергілер құлат"

4: «Қай топтың шанасы алда»

5: «Жаңғақ жинау»

6: «Шаңғы тебу»

Сайысымыз 6 кезеппен тұрады.

I - Кезең: «Таныстыру»

Ойын шарты: Әр ата-ана баласымен өзін таныстырады.



II - Кезең: «Жолда кім жылдам жүреді»

Ойын шарты: Балалар ата-аналармен бірге құрсаудың ішіне кіріп, екі қолмен ұстайды. Бірінші аяқтаған топ жеңіске жетеді.



III - Кезең: Кедергілер құлат"

Ойын шарты: Дөпті екі қолмен домалатып, тұрған кедергіні құлату керек.



IV - Кезең: «Қай топтың шанағы алда»

Ойын шарты: Ата-ана баланы шанаға отырғызып сүйреп мөре сызығына дейін жарысады. Қай топ бұрын жетеді, сол топ жеңеді.



V - Кезең: «Жанғақ жинау»

Ойыншылар ыдыстағы жанғақтарды қасықпен жерге түсірмей, жүгіріп кедергілер арасынан межелі жерге апару керек.



VI - Кезең: «Шанғы тебу»

Жарысқа қатысатын балалары аяқтарына шанғы киіп жарысады.



Жүргізуші: Жарыс заны ежелден-

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол-
Еңбектену, жалықпау
Біреу оза сайыста,
Біреу артта қалады
Жеңілгендер ренжімей
Тараса бізге жарады.

Сайысымыздың қортындысын шығаруға кезекті әділқазы алқасына сөз кезегін береміз. (Әділқазыларды тыңдау)

Уа, ханайық назар аудар денсаулыққа!



Өмірде бақыттысың денің сауда.

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған Ұлы Абай данамыз да.

Құрметті бүгінгі сайысымыздың қонақтары сайысымызға қатысушы ата-аналар жеңістеріңіз құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Уақыт бөліп келгендеріңіз үшін алғыс білдіреміз.